

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 1 бет
---	--	--

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ-тың Басқарма
Төрағасы – Ректоры
М.К. Ибатов
Ғылыми Кеңестің
« 31 » 08 20 22 ж. № 1 шешімі

ҚАҒИДА

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ГРАНТҚА ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ІҚЕ ІІІ-09-2022

Дайындаған: ҒЖИД директорының м.а.

Б.Д.Сулеев



Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	КЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 2 бет
---	--	---

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
3	Конкурстың мақсаты мен міндеттері	3
4	Конкурстың ұйымдастырушылары мен жұмыс органдары	4
5	Ұйымдастырушы мен конкурстық комиссияның функциялары	4
6	Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру тәртібі	4
7	Конкурстық іріктеу критерийлері	6
8	Конкурсты өткізу, қорытындысын шығару тәртібі	7
9	Конкурс қатысушылары мен жеңімпаздарының құқықтары мен міндеттері	8
	А қосымшасы Жас ғалымдарға арналған «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың гранты бойынша ғылыми жобалар конкурсына қатысушы туралы ақпарат	9
	Б қосымшасы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдарға арналған грантына ғылыми жобаның аннотациясы	10
	В қосымшасы Презентация құрылымы	12
	Г қосымшасы Жоба бойынша шығыстар сметасы	13
	Д қосымшасы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдарға арналған грантына ғылыми жобалар конкурсына өтінім беруге өтініш	14
	Е қосымшасы Келісу парағы	15
	Ж қосымшасы Танысу парағы	16

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІКЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 3 бет
---	--	--

1 Қолдану саласы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдарға арналған грантына ғылыми жобалар конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу туралы осы Қағида Конкурстың мақсаттары мен міндеттерін, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдар арасында осы конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарды, конкурстық комиссияның жұмыс регламентін, ғылыми жобаларды конкурстық іріктеу критерийлерін айқындайды.

Осы Қағиданы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің барлық бөлімшелері қолданады және сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының құрамына кіреді.

2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Қағидада тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

- Грант – конкурс жеңімпаздарына ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге берілетін мақсатты ақшалай қаражат;
- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдарға арналған грантына ғылыми жобалар конкурсы.

Осы Қағидада мынадай қысқартулар пайдаланылады:

- СК – сараптама кеңесі;
- ҒТК – Ғылыми-техникалық кеңес;
- ЖҒК – Жас ғалымдар кеңесі;
- СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
- СМЖАО – Сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы;
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- ҒЖД – Ғылым және инновациялар департаменті;
- ЖҒ – 35 жасқа дейінгі жас ғалым;
- ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы;
- ПОҚ – профессорлық-оқытушылар құрамы.

3 Конкурстың мақсаты мен міндеттері

3.1 Конкурстың негізгі мақсаты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдарының ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру және ғылыми әлеуетін дамыту болып табылады.

3.2 Конкурстың міндеттері:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдарының ғылыми қызметін насихаттау;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	КЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 4 бет
---	--	---

- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін перспективалық ғылыми жобаларды әзірлеу және іске асыру бойынша жастар бастамаларын қолдау;
- жастарға өздерінің ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық идеяларын дамыту мүмкіндігі.
- ДП V – 01 Құжатталған ақпаратты басқару.

4 Конкурстың ұйымдастырушылары мен жұмыс органдары

- 4.1 Конкурс ұйымдастырушылары ҚМЖ және ЖҒД болып табылады.
- 4.2 Конкурстың жұмыс органы Конкурстық комиссия болып табылады.
- 4.3 Конкурстық комиссияға ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, ҒТК, ЭС, СМУ өкілдері кіреді.
- 4.4 Гранттардың саны мен сомасы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚтың Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен белгіленеді.
- 4.5 Бұл конкурс жыл сайын өткізіледі, конкурсты өткізу мерзімі «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ректорының бұйрығымен белгіленеді.
- 4.6 Конкурстың өткізілуіне бақылауды ғылыми жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

5 Ұйымдастырушы мен конкурстық комиссияның функциялары

- 5.1 Конкурсты ұйымдастырушы мыналарды қамтамасыз етеді:
 - Конкурсты қажетті ұйымдастырушылық, сараптамалық және ақпараттық сүйемелдеуді.
 - Конкурстық құжаттаманы дайындау мен толтыру және өтінімді ресімдеу мәселелері бойынша Конкурсқа қатысушыларға кеңес беруді;
 - Конкурсқа қатысушылардан түскен өтінімдерді жинауды және тіркеуді жүзеге асыруды.
- 5.2 Конкурстық комиссия:
 - жеңімпаздардың Өтінімдерін қарау және анықтау кезінде ашықтықтың, қолжетімділіктің, объективтіліктің, жариялылықтың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
 - ұсынылған Өтінімдердің Конкурс шарттарына сәйкестігін тексереді;
 - неғұрлым перспективалы Өтінімдерге Конкурстық іріктеу жүргізеді;
 - Конкурс жеңімпаздарын анықтау бойынша қорытынды шешімдер қабылдайды.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 5 бет
---	--	--

6 Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру тәртібі

6.1 Грант конкурс өткізілетін жылы 35 жастан аспаған, ғылыми мәселелерді шешу бойынша зерттеулер жүргізуге белсенді қатысатын және Қазақстан Республикасының азаматтары (резиденттері) болып табылатын штаттық ПОҚ және ғылыми қызметкерлерге ғылыми зерттеулер жүргізу үшін бөлінеді.

6.2 Конкурсқа қатысушының (қатысушылардың) маңызды ғылыми жетістіктері болуы тиіс:

- журналдардағы мақалалар;
- авторлық құқық объектілеріне құқықтарды тіркеу туралы патенттер және/немесе куәліктер;
- конференциялардағы баяндамалар.

6.3 Грант ізденуші Конкурсқа осы Конкурсқа қабылданған талаптарға сәйкес ресімделген өтінімді ұсынады.

6.4 Осы Конкурс шеңберінде әрбір Грант ізденуші бір ғана өтінім бере алады.

6.5 Грант бір тұлғаға келесі үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

6.6 Ғылыми тақырыптар бойынша оларды берген сәтте не бұрын мемлекеттік бюджет қаражаты және (немесе) басқа да көздер есебінен қаржыландыруға ие өтінімдер осы грантты алу Конкурсына қатысуға жіберілмейді.

6.7 Конкурсқа ұсынылатын өтінім төменде келтірілген формаларға сәйкес ресімделуі және мынадай құжаттардан тұруы тиіс:

- конкурсқа қатысушы туралы мәліметтер (А Қосымшасы);
- ғылыми жобаның аннотациясы (Б қосымшасы);
- В қосымшасына сәйкес ресімделген жобаны электрондық түрде (pdf форматында) таныстыру;
- жоба бойынша шығындар сметасы (Г қосымшасы);
- ұсынылған жобаның өзектілігін және қолданыстағы дайындаманың жұмыстың мәлімделген мақсаттарына сәйкестігін растайтын, сондай-ақ мәлімделген ізденістік ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуына кепілдік беретін кафедра отырысының шешімінен үзінді.

6.8 Өтінім бойынша Конкурстық құжаттама Конкурс туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде баспа және электрондық түрде ұсынылуы тиіс. Өтінімдер мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады.

6.8.1 Конкурсқа жұмыс тігілген және қолмен куәландырылған, нөмірленген парақтарда бір түпнұсқа данада ұсынылады.

6.9 Құжаттар 100027, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 56, бас ғимарат, 226 - каб.. Телефон: 8 (7212) 56-51-87, 56-68-22 немесе іш. 2226, e-mail: science@kstu.kz мекен-жайы бойынша қағаз және электронды түрде ҒЖИД-не жіберіледі.

6.10 Гранттар бір жылға дейінгі мерзімге бөлінеді.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІКЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 6 бет
---	--	--

6.11 Конкурсқа қатысушы өтінім жібере отырып, ұсынылған жобаның коммерциялық, мемлекеттік және (немесе) өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің жоқ екенін растайды және ол бойынша Конкурсты ұйымдастырушыға ақпарат беруге (оның ішінде жобаны бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа басылымдарында, Интернет желісінде орналастыру арқылы) өз келісімін береді.

6.12 Өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші оның:

- осы Конкурсқа қатысу шарттарымен келісетініне;
- өтінімде ұсынылған ғылыми материалдардың құпиялылығына үміт етпейтіндігіне;

- өтінім берген сәтте немесе бұрын мемлекеттік бюджет қаражаты және басқа да көздер есебінен қаржыландыруы жоқ жоба тақырыбын мәлімдеуге (Д қосымшасы) кепілдік береді.

6.13 Конкурсқа ұсынылған барлық өтінімдер 7-тармақта көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес бағаланады.

6.14 Конкурстың шарттарына сәйкес келмейтін, ресімдеу ережелерін бұза отырып ұсынылған немесе ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзімнен кейін Конкурсқа келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

6.15 Конкурстық өтінімдерді қабылдамау себептері авторларға хабарланбайды.

6.16 Конкурстық өтінімнің материалдары авторларға қайтарылмайды.

7 Конкурстық іріктеу критерийлері

7.1 Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде Конкурс жеңімпазын айқындау үшін мынадай критерийлері белгіленеді:

№ р/н	Критерийдің атауы	Ең жоғарғы балл мәні
1	Өзектілігі	10
2	Әдеби деректерді талдау және мәселені белгілеу	10
3	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері	10
4	Жаңалығы	10
5	Әзірленгендік дәрежесі	10
6	Зияткерлік меншіктің (патенттер мен алдын ала патенттер, авторлық өнертабыстар, зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу) болуы	10
7	Жобаның практикалық маңыздылығы	10
8	Әлеуметтік-экономикалық тиімділік	10
9	Жобадан күтілетін нәтижелер	10

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІКЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 7 бет
---	--	--

10	Нәтижелерді қолдану саласы	10
Барлығы		100

7.2 Балдар тең болған жағдайда 6.2-тармаққа сәйкес елеулі ғылыми жетістіктері бар қатысушыға басымдық беріледі

8 Конкурсты өткізу, қорытындысын шығару тәртібі

8.1 Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияда қатысушылардың жобаларын тыңдау рәсімін жүргізеді.

8.2 Жеңімпаздарды жобаларды презентациялау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия анықтайды:

- әрбір критерий бойынша конкурстық комиссия мүшелері Конкурсқа қатысушының балын анықтайды;
- балдар саны 7.1-тармақта көрсетілген барлық критерийлер бойынша жинақталады..

8.3 Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді.

8.4 Конкурс комиссиясының шешімі негізінде ректор Конкурс жеңімпаздарына грант бөлу туралы бұйрық шығарады. Конкурс жеңімпаздары туралы ақпарат конкурсқа қатысушыларға жеке хабарланады және университеттің ресми сайтында орналастырылады (www.kstu.kz).

8.5 Нәтижелер жарияланғаннан кейін Конкурстың жеңімпазы ҒЗЖ-ны орындауға шарт жасасады, қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін жоба бойынша шығыстар сметасын жасайды және ҒЗЖ ҒЖИД-де тіркеу рәсімінен өтеді және грант қаражатын жұмсау бекітілген шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырылады. Қолдау көрсетілген жобаларды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету ҒЖИД-ге жүктеледі.

8.6 Грант бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін жобаларды орындаушылар ғылыми және қаржылық есептерді ұсынуы тиіс. Ғылыми есеп МЕМСТ 7.32-2001 талаптарына сәйкес жасалады, жоба орындаушысының қолы қойылған баспа түрінде ұсынылады және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор бекітеді. Қаржылық есеп Г қосымшасына сәйкес жасалады, жобаны орындаушының және ғылыми-зерттеу жобалары бойынша шығыстарға жетекшілік ететін бухгалтердің қолымен расталады.

8.7 Грант бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуы туралы есептерді жобаларды орындаушылар ҒЖИД-ге ұсынады және ҒТК отырысында қорғалады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІКЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 8 бет
---	--	--

9 Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздардың құқықтары мен міндеттері

9.1 Қатысушылардың мынадай құқығы бар:

- Конкурсты ұйымдастырушыдан Конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібі туралы толық ақпарат алуға;
- Конкурс өткізілгенге дейін кемінде екі күн бұрын өтінімді кері қайтарып алуға немесе оған өзгерістер енгізуге құқылы.

9.2 Жеңімпаздар:

- грант алғаннан кейін 6 айдан соң жұмыс нәтижелері бойынша аралық есепті ҒЖИД-ге ұсынуға;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мерзімі аяқталғаннан кейін грант иегері ҒЖИД-де жоба бойынша күнтізбелік жұмыс жоспарына (Б – қосымша, 5-т.) - жұмыс кестесіне сәйкес ғылыми зерттеулерді орындау туралы грантты пайдалану туралы қорытынды есепті, олардың нәтижелерін растайтын құжаттармен бірге ұсынуға;
- грант алған сәттен бастап бір жыл ішінде web of Science немесе Scopus дерекқорларымен индекстелген басылымда өзінің зерттеу қорытындылары бойынша мақала жариялауға міндетті.

9.3 Ереженің 9.2-тармағын орындамаған жағдайда, Конкурс жеңімпазы грант сомасының 50% «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-қа қайтаруға міндетті.

9.3.1 Ұсынылған грант қаражатының мақсатсыз пайдаланылғаны анықталған жағдайда ЖОО қаржыландыруды тоқтату және қаржы қаражатын қайтару туралы шешім қабылдайды.

9.4 ҒЗЖ бақылау нәтижелері құжатпен ресімделеді және грант бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды жасау үшін негіз болады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІКЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 9 бет
---	--	--

А қосымшасы
(анықтамалық)

Жас ғалымдарға арналған «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ның гранты бойынша ғылыми жобалар Конкурсына қатысушы туралы ақпарат

Жобаның атауы:	
Орындаушының аты-жөні <i>(толық)</i>	
Туған жылы	
Жұмыс орны: <i>факультет, кафедра, лауазымы, мамандығы</i>	
Ғылыми қызығушылық саласы	
Жарияланымдардың жалпы саны	
Байланыс деректері <i>(тел., e-mail)</i>	
Конкурсқа қатысушының қолы / қолдың мағынасын ашу	
Өтінім берілген күн	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 10 бет
---	--	---

Б қосымшасы
(анықтамалық)

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ның
жас ғалымдарға арналған грантына ғылыми жобаның
АННОТАЦИЯСЫ**

1. Жобаның атауы
2. Ғылыми міндеті, мақсаты, идеясы, өзектілігі, жаңалығы
3. Мәселені шешудің әдістері мен тәсілдері
4. Жобаны іске асырудан күтілетін нақты ғылыми нәтижелер
5. Жоба бойынша жұмыстардың күнтізбелік жоспары

Жұмыстардың түрлері	Жұмыстарды орындау кезеңі	Нәтиже

6. Конкурса қатысушының жарияланымдары туралы мәліметтер

№	Шығыс мәліметтер	Жариялау түрі	ЖАК тізбесінен басылым (иә / жоқ)	Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін басылым (иә / жоқ)

7. Жобаны орындау индикаторлары

Индикатордың атауы	Сандық мәліметтер
Жоба шеңберінде дайындалған жарияланымдар саны	
Scopus немесе Web of Science ғылыми дәйексөзінің дерекқорында индекстелетін журналдардағы мақалалар	
БҒССҚК тізбесіне енгізілген журналда мақала жариялау	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІКЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 11 бет
---	--	---

Мақаланы басқа журналдарда, жинақтарда және т.б. жариялау.	
Ғылыми конференцияда ұсынылған баяндаманың тезистерін жариялау	
Халықаралық ғылыми конференциялардағы сөз сөйлеу саны	
Патенттерді (лицензияларды, ЭЕМ бағдарламаларын, тіркеуге арналған ноу-хауды) ресімдеу	
Монографияны жариялау	

Конкурсқа қатысушының қолы / қолдың толық жазылуы/

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 12 бет
---	--	---

**В қосымшасы
(анықтамалық)**

Презентация құрылымы

1. Өзектілігі
2. Әдеби деректерді талдау және мәселені белгілеу
3. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері
4. Жаңалығы
5. Әзірленгендік дәрежесі
6. Зияткерлік меншік объектілерінің (патенттер мен патенттер алдындағы, авторлық құқық куәліктерінің) болуы
7. Жобаның практикалық маңыздылығы
8. Әлеуметтік-экономикалық тиімділік
9. Жобадан күтілетін нәтижелер
10. Нәтижелерді қолдану саласы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	КЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 13 бет
---	--	--

Г қосымшасы
(анықтамалық)

Жоба бойынша шығындар сметасы

Шығындар түрлері	Шығындарды ажырату	Барлығы сомасы (теңге)
Іс-сапар шығындары	Іссапар кезеңіне тәуліктік төлемдер	
	Іссапар бойынша көлік шығындары	
	Тұру ақысы	
Редакциялық-баспа қызметтері	Мақалалар, баяндама тезистері, монографиялар жариялау	
Конференция мен форумдарға қатысу төлемі	Қатысу жарналары	
Негізгі құралдарды сатып алу	Жабдықтар, әдебиеттер және т. б. сатып алу	
Материалдық қорларды сатып алу	Кеңсе тауарлары	
	Өзге де шығыс материалдары мен жабдықтау заттары	
Материалдық емес активтерді сатып алу	Бағдарламалық жасақтама	
ШЫҒЫНДАР ЖИЫНЫ		

Конкурсқа қатысушының қолы / қолдың толық жазылуы/

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	КҚЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 14 бет
---	--	---

Д қосымшасы
(анықтамалық)

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың
жас ғалымдарға арналған грантына ғылыми жобалар конкурсына өтінім
беруге
ӨТІНІШ**

Орындаушының аты-жөні (толық)

Мекен-жайы: индекс, облыс, аудан, елді мекен, көше, үй (пәтер):

Тел.: _____

E-mail: _____

ЖСН _____

Жобаның атауы:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың жас ғалымдарға арналған грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы Қағидамен таныстым.

Жоба бойынша ұсынылатын ақпараттың шынайылығына, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарының сақталуына, атап айтқанда, ғылыми деректердің жалғандығына, деректердің бұрмалануына, плагиатқа және жалған бірлескен авторлыққа алып келетін бұрмалаушылыққа жол бермеуге кепілдік беремін.

Жобаның ұсынылып отырған тақырыбы бойынша жоспарланған іс-шаралар мен шығындар бұрын қаржыландырылмағанын және мемлекеттік бюджеттің басқа көздерінен және (немесе) басқа көздерден қаржыландырылмайтынын растаймын.

Осы өтінімнің Қағида талаптарына сәйкес келмеуі жобаның Конкурсқа қатысудан ауытқуының негізді себебі болуы мүмкін екендігіне қарсы емеспін.

Осы өтінішпен мен Конкурсты ұйымдастырушылар мен жұмыс органдарына жіберілетін өтінімдегі және оған қоса берілетін құжаттардағы ақпаратқа қол жеткізу, дербес деректерді жинау, өңдеу құқығын беремін.

Конкурсқа қатысушының қолы / қолдың толық жазылуы/

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Жас ғалымдарға арналған грантка ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-09-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 ден 16 бет
---	--	---

Ж қосымшасы
(міндетті)